

# WordPad мәтіндік редакторы

## *Информатика*




***Өтес орта мектебі***
***информатика пәні мұғалімі***
***Бекиева  Ақерке Қуанышқызы***


***2015-2016 оқу жылы***

***Сабақтың мақсаты:***

*I. WordPad мәтіндік редакторы бойынша оқушыларды таныстыру және оның саймандар қатары мен пішімдеу қатарына тереңрек түсінік беру: Редактормен жұмыс жасау ережелерін сарамандық сабақта бекіту, тақырыпты қорытындылау.*

*II. Мәтін жазу, WordPad мәтіндік редакторының саймандар тақтасындағы құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін арттыру.*

*III. Информатика пәнін тарих, әдебиет пәндерімен байланыстыра отырып, оқушылардың қазақ халқының тұрмыста, үй жиһаздарында қолданылатын заттары, ұлттық киімдері туралы мәтін жазу мүмкіндіктерін арттырып, ой қиялдарын дамыта отырып, қызығушылығын ояту.*

# *“WordPad мәтіндік редакторын” іске қосу жолдары*

1. *“Іске қосу” батырмасын шертеміз*
2. *Бас менюден Барлық программалар командасын таңдаймыз*
3. *Пайда болған менюден Стандартные командасын таңдаймыз*
4. *Келесі менюден “WordPad мәтіндік редакторы ” командасын таңдау қажет.*




Сонымен қатар *WordPad мәтіндік редакторын* жұмыс үстеліндегі  таңбадан да қосуға болады.

# *WordPad мәтіндік редакторының терезе элементтері*



# Құрал-саймандар тақтасындағы аспаптар

Құжатты сақтау

Құжат құру

Басылымды қарау

Буферге көшіру

Болдырмау



Құжатты ашу

Табу

Буферден қою

Құжатқа дата мен уақытты қою

Буферге жіберу

Құжатты баспаға жіберу

# *Құрал-саймандар тақтасындағы аспаптар*

Қаріп

Жартылай қалың

Асты сызылған

Сол жақ шеті

Оң жақ шеті




Қаріп өлшемі

Курсив

Түс

Орта бойынша

Маркерлер

# Құжатты қалай сақтаймыз ?

- *Жазылған мәтінді сақтап қою үшін Файл – Сохранить как… командасын орындаймыз.*
- *Сохранить как терезесіндегі имя файла алаңына ат беріп, Сохранить батырмасын шертеміз.*



# *Сақталған құжатты қалай ашамыз?*

- *Дискіде сақталып тұрған құжатты ашу үшін Файл – открыть командасын орындаймыз.*
- *Ашылған терезеден қажетті файлдың атын белгілеп Ашу батырмасын басамыз.*



## III. Жаңа сабақ: Сарамандық жұмыс.

*Жұмыстың мақсатын түсіндіру, яғни ой қозғау стратегиясы бойынша оқушыларға кестелік суреттер беріледі.*

***Қазақтың "Қыз ұзату" салт-дәстүріне байланысты ой қозғау.***



- *Салт – дәстүрге байланысты жұмбақтар қою және оның жауабын тапқан оқушыға сол сурет бойынша мәтін жазуға және сол жұмбақтардың өзін жазуға тапсырма беру. Жазып болған соң тексеріледі.*
- *Жұмысты орындауға қандай тәсілдер мен құралдарды пайдаланатынына тоқталу.*

*Жұмбақтар*

*Сүйегі оның тор шарбақ*
*Көшсек бұздық боршалап,*
*Сенде бұны білер ең,*
*Жайлауда егер болсаң-ақ.* Киіз үй

*Кесе – шыны пиала,*
*Оларсыз шай құя ма?*
*Қасықсыз тамақ жемейді,*
*Бәрінің атын не дейді?* Ыдыс-аяқ

*Кіруге адам батпайды.*
*Төртбұрышты тақтайды.*
*Төрде деп жүр мақтайды,*
*Затыңды аман сақтайды.* Сандық

*Сұлу – сұлу құнаным,*
*Сылдырлаған жүгенім.*
*Аязды күнде мінбеген,*
*Аяғы жерге тимеген.* Сәукеле

*Ұзын мойын,*
*Керуеттің тұсына ілген,*
*Екі ішек,*
*Қатар–қатар тепкімен,*
*Басып көрсең бір–бірлеп,*
*Үн шығады күмбірлеп.* Домбыра

*Айнымайды түсі гүлден.*
*Үйдің ішін жайнатады,*
*Қадірін тек кісі білген*
Тұскиіз

*Жайсаң – көлдей керілген,*
*Жисаң жіптей өрілген.* Кереге

*Төбедегі дөңгелек,*
*Жылжымайды дөңгелеп* Шаңырақ

## IV. Қорытынды.

Оқушылардың “WordPad мәтіндік редакторы ” бойынша алған білімдерін  мына слайдтардағы іске қосу жолдары, терезе элементтері, құрал-саймандар тақтасындағы аспаптар және оларға жекелей тоқталу арқылы, сонымен қатар қалай сақтайтынымызды немесе сақталған суреттерді қалай ашуға болатындығын айта отырып қорытындылаймыз да, жазған мәтіндерін жекелей тексере отырып бағалап өту.